ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# ŞŪĞYLA-RADUGA

№11 (6549), 11 ақпан 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



КІТАП ПЕН ТЕАТР ҮНДЕСКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

→ 2



КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕ

→ 4

ТАЛҚЫЛАУ

# ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ





**Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауқымды Конституциялық реформа басталды. Бүгінде жаңа Конституцияның жобасы ашық жарияланып, қоғам талқысына ұсынылды. Жобаның басты ерекшелігі – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға басымдық берілуі. Преамбулада адам құқықтары мемлекеттің негізгі құндылығы ретінде айқындалған. Бірлік пен ынтымақтастық, егемендік пен тәуелсіздік, мемлекеттің біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы өзгермейтін қағидаттар ретінде бекітілген.**

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Кеше аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан активінің қатысуымен жаңа Конституция жобасын түсіндіру және кеңінен талқылауға арналған жиын өтті. Облыстық штаб мүшелері – «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ облыстық филиалының төрағасы Қасымхан Төлендиев пен облыстық мәслихаттың депутаты Оралхан Дәуіт қатысушыларға заң жобасындағы негізгі өзгерістер мен толықтырулар туралы баяндады.

Олардың айтуынша, жаңа Конституция жобасы заң мен құқық үстемдігін нығайтуға, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Әділеттілік, заң мен тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау ұстанымдары алғаш рет Конституция деңгейінде нақтыланған. Бұл ретте, қоғамдық талқылаудың ашықтығы мен жариялылығы демократиялық үдерістердің басты көрінісі болып табылады. Жауапты кезеңде бірлігімізді сақтап, ортақ жауапкершілікпен әрекет етуіміз қажет.

Сонымен қатар штаб мүшелері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету бағытындағы конституциялық тетіктерге тоқталып, әрбір азамат ел болашағына жауапкершілікпен қарауы тиіс екенін баса айтты.

Өз кезегінде қатысушылар Конституциялық реформалардың жергілікті басқару, әлеуметтік саясат, заңнамалық жүйе бағыттары бойынша пікір білдірді.

Бұл күні облыстық штаб мүшелері аудандық мемлекеттік архивтің және аудандық орталық кітапхананың қызметкерлерімен кездесіп, жаңа Конституция жобасын бірге талқылады.

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

# ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ



**Тараз қаласында Дүниежүзілік сайлау күніне орай жергілікті қауымдастық өкілдерімен кездесу өтті. Іс-шара Жамбыл облысы білім басқармасының мәжіліс залында ұйымдастырылып, оған мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, жастар ресурстық орталығының өкілдері, Жас сайлаушылар клубының мүшелері, сондай-ақ сайлау комиссияларының мүшелері қатысты.**

Кездесу барысында Дүниежүзілік сайлау күнінің маңызы мен мақсаты, Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесінің даму тарихы, соңғы жылдары жүргізілген электоралдық реформалар, сайлау процесінің ашықтығы мен инклюзивтілігін қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов сайлау мерекесіне орай, бірқатар мәселеге тоқталды.

Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 30 қаңтардан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) мүшесі болып табылады.

1992 жылы Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ның барлық құрылтай құжаттарына, ең алдымен 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды актісіне және Жаңа Еуропа үшін Париж Хартиясына қол қойды, осылайша Қазақстан ұйым мүшесінің барлық міндеттемелерін қабылдады.

1999 жылы Алматы қаласында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы орталығы ресми түрде ашылды.

2005 жылғы 14-17 қыркүйекте Венгрияның Сиофок қаласында «Жиырма бес мемлекеттен тұратын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы» бастамасымен сайлау ұйымдарының Дүниежүзілік конференциясы өтті. Оның шешімдерінің бірі «Дүниежүзілік сайлау күнін» белгілеу болды.

Міне, содан бері бұл мереке жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде аталып өтіледі.

Бұл күндері дүние жүзінде сайлау саласында жаһандық демократияны қолдауға, сайлау туралы білімді арттыруға және сайлаушылардың сайлауға қатысуға жалпыға бірдей құқығы мен бостандықтарын құрметтеумен сайлау үрдерістерін жетілдіру мәселелері сарапталып, алда тұрған міндеттер айқындалады.

Дала демократиясы біздің тарихта ерте заманнан қалыптасып, нәтижесінде бұқара халықтың таңдау жасау құқығы, сол кездегі билікке қол жетімділігі қамтамасыз етілді.

Ал, Кеңес дәуірінде, 1936 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының жаңа Конституциясы қабылданып, онда мемлекеттің ең жоғары билігі – Жоғарғы Кеңес. Оның депутаттары жалпыхалықтық, тең және жасырын дауыс беру арқылы сайланды.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауы 1937 жылы өтті.

Бұл сайлау жүйесі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағанға дейін жұмыс істеп тұрды.

1990 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясына өзгертулер енгізіліп, онда жаңа Президент лауазымы бекітілді. Президент жалпы халықтың емес, Жоғарғы Кеңестің депутаттары дауыс беруімен сайланатын болды. Осы жылдың 24 сәуірінде алғашқы Президенттік сайлау өтті. Республикамыздың сайлау жүйесі одан кейін 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған ҚР Конституциясымен нақты бекітілді. Ата Заңымызда Президент және Парламент сайлауы барша халықтың дауысымен сайланатыны белгіленді.

Сөйтіп, елімізде жалпыхалықтық Президент сайлауы (1991, 1999, 2005, 2011, 2015, 2019 және 2022 жылдары) 7 рет өтсе, 4 рет Референдумдар өткізілді (1995-2рет, 2022, 2024).

Елімізде Сайлау үдерістерін жетілдіру мақсатында соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың басшылығымен жүріп жатқан саяси реформалар барысында:

→ 2

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

**Қазақстан халқы мақтаныш ететін, елі үшін аянбай еңбек етіп, өздерін тамаша, адал қасиеттерімен көрсете білген, есімдері айтылса ел тағдыры көз алдына келетін перзенттер аз емес.**

## АУДАНДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БӨЛМЕ БЕРІЛДІ



Есімін елі мақтан етіп, есімінің өзі сәуле шашып, жылу беретін, өмірге құштарлықты оятатын тау тұлға алыптардың бірі – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстанды өркендетуге, оның экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі аса зор. Жылдар жылжыған сайын еліміздің осы бір аяулы перзенті, республикаға кемеңгер басшы болған, тұлабойы адамгершілік пен қарапайымдылыққа, ізгілікке толы, ел дегенде емініп қызмет жасаған тамаша адамның бейнесі көз тарта түсуде.

Еліне еңбегі сіңген есіл ердің есімі мен еңбектерін айтқан кезде іштей қуанып тұрасың. Адал еңбек етіп, арман шыңына қол жеткізгің келеді.

Алып адамның алған абыройлары да еске түседі. Ұлы Даламызды көркейту жолында жасаған қызметтері, қол жеткізген биіктері жайлы қайта-қайта айта бергің келеді. Жалынды жас кезінен бастап зейнетке шыққанға дейінгі ұзақ та жетістіктерге толы өмір жолы жайлы, «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп аталатын кітабында айтатындай, желпініп алу үшін емес, ел болашағына көз жібере отырып айтқың келеді. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті болып сайланған. Қазақстанның ғылым көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан ғалым.

→ 2

БАЙҚАУ

## Мұқағали – мәңгілік мұра

Аружан КҮНТУБАЙ



**Қазақтың біртуар ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев өзінің поэзиясы арқылы мыңдаған, миллиондаған оқырманның жүрегінен орын алған ғажайып ақындардың бірі. Ол оқырмандарымен қара өлең болып тілдесті, сырласты. Бұл оның мәңгілік поэзиясы мен «күпі киген қазақтың қара өлеңінің» құдыреті еді.**

→ 4

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 19 ақпанында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Тоғызтарау, Ерназар, Өрнек ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Тоғызтарау ауылы, ауылдық клуб, сағат 10.00.

Ерназар ауылы, ауылдық мәдениет үйі, сағат 11.00.

Өрнек ауылы, ауылдық мәдениет үйі, сағат 12.00.

Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

**Аудан әкімі аппараты.**

«Şūğyla-Raduga» газетіне жазылу жалғасуда
2-17-98, 87476594268

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті

shugyla.raduga_newspaper

www.asaaqparat.kz

Соңы. Басы 1-бетте

# АУДАНДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БӨЛМЕ БЕРІЛДІ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Кеңесінде 42 жыл қызмет етіпті. Соның ішінде, 25 жылға жуық уақыт Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып, еліміздің көркеюі жолында аянбай тер төккен.

Сондай-ақ, СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі болғанын да айта кеткен жөн. Мұның өзі халқымыздың кемеңгер ұлы Д.А.Қонаевтың бұрынғы КСРО-ға да көп еңбек сіңіргенін көрсетеді.

Міне, өмір тарихы осындай бай таутұлғаның өмірі мен еңбек жолы жайлы насихат жұмыстарын жүргізуге қазіргі уақытта үлкен көңіл бөліне бастады. Жас жеткіншектер оның еңбегі мен елін сүйген патриоттығы жайлы ерте естіп, біліп, одан үлгі алуы орынды болса керек.

Соған орай «Д.А.Қонаев атындағы халықаралық қордың» аудандық бөлімшесі ашылып, жұмыс істей бастады.

Жуырда бөлімшеге аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Р.Ә.Бегалиевтің мұрындық болуымен арнайы бөлме берілді.

Кабинеттің ашылуына аудан әкімі аппаратының басшысы С.Селеубаев қатысып, бөлімше жұмысының табысты болуына тілектестігін білдірді.

**Байтанағали ТӨЛЕНТАЕВ,**
**«Д.А.Қонаев атындағы халықаралық қордың» аудандық бөлімшесінің төрағасы.**

**РУХАНИЯТ**

# Кітап пен театр үндескен тағылымды шара



**Кітапқа деген сүйіспеншілікті бала жастан қалыптастыру – рухани тәрбиенің берік негізі. Осы мақсатта аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері мен Рахат бастауыш мектебінің тәлімгері Гүлмира Боранбаеваның бірлесіп ұйымдастыруымен «Кітапханадағы сиқырлы сахна» атты әдеби қойылым өтті. Іс-шараға кітапхана оқырмандары белсенді қатысты.**

**Аружан КҮНТУБАЙ**

Аталған шараның негізгі мақсаты – жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оларды ертегілер әлемімен таныстыру және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Балаларға арналған шарада кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы танымдық мәліметтер беріліп, ертегінің пайда болуы, тәрбиелік мәні мен түрлері жайлы кеңінен әңгіме өрбіді. Оқырмандар түрлі жанрдағы әдебиеттермен танысып, өздеріне ұнаған кітаптар жөнінде пікір алмасты.

Кітапхана қызметкерлері бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында «Үйшік», «Бауырсақ» ертегілерін сахналады. Сондай-ақ «Қуыршақ» театры арқылы «Қарға мен түлкі», «Күн, Ай және Әтеш», «Ағайынды аюлар» ертегілері көрермен назарына ұсынылып, жас оқырмандардың қызығушылығын арттырды. Шара барысында түрлі ойындар ойнатылып, ертегі кейіпкерлерімен бірге би биледі. Бұл балалардың белсенділігін арттырып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Іс-шара соңында оқырмандар қазақ ертегілеріне арналған қойылымды тамашалап, алған әсерлерімен бөлісті.

Аталған әдеби қойылым балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, ертегілер арқылы адамгершілікке, достыққа және еңбекқорлыққа тәрбиелеуге ықпал етті.

## Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімдігіне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы ақпарат

**(2026 жылғы 1 наурыздағы сайлау)**
**2026 жылғы 8 ақпан сағат 18.00-дегі жағдай бойынша**

| № | Аты, әкесінің аты, тегі | Туған жылы | Жұмыс орны және тұрғылықты жері | Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Алтынбеков Нурсултан Сакенович | 23.02.1990 | «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданы білім бөлімінің Б.Тайшапұлы атындағы орта мектеп» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Өрнек ауылы, Ж.Жабаев көшесі №8 | өзін-өзі ұсыну тәртібімен |
| 2. | Кикбаев Бакытжан Ержанович | 17.05.1988 | Жамбыл ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ащыбұлақ ауылы, И.Елубаев көшесі №10А | өзін-өзі ұсыну тәртібімен |
| 3. | Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы | 25.08.1997 | «Жамбыл ауданы әкімі аппараты» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ерназар ауылы, Ә.Еркебаев көшесі №18 | өзін-өзі ұсыну тәртібімен |
| 4. | Тулеков Нурадил Рахманулы | 22.02.1991 | «Тоғызтарау ауылдық округі әкімі аппараты» КММ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Тоғызтарау ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №2 | «Amanat» партиясы ұсынды |

## Информация об итогах регистрации кандидатов в акимы Тогызтарауского сельского округа Жамбылского района Жамбылской области

**(выборы 1 марта 2026 года)**
**по состоянию на 18.00 часов 8 февраля 2026 года**

| № | Фамилия, имя, отчество | Год рождения | Место работы и жительства | Кем выдвинут или в порядке самовыдвижения |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Алтынбеков Нурсултан Сакенович | 23.02.1990 | КГУ «Средняя школа имени Б.Тайшапулы отдела образования Жамбылского района управления образования акимата Жамбылской области» Жамбылская область, Жамбылский район, село Орнек, ул. Ж.Жабаева №8 | Выдвинут в порядке самовыдвижения |
| 2. | Кикбаев Бакытжан Ержанович | 17.05.1988 | КГУ «Молодёжный ресурсный центр» отдела внутренней политики акимата Жамбылского района Жамбылская область, Жамбылский район, село Ащыбулак, ул. И.Елубаева №10А | Выдвинут в порядке самовыдвижения |
| 3. | Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы | 25.08.1997 | КГУ «Аппарат акима Жамбылского района» Жамбылская область, Жамбылский район, село Ерназар, ул. А.Еркебаева №18 | Выдвинут в порядке самовыдвижения |
| 4. | Тулеков Нурадил Рахманулы | 22.02.1991 | КГУ «Аппарат акима Тогызтарауского сельского округа Жамбылского района» Жамбылская область, Жамбылский район, село Тогызтарау, ул. Т.Рыскулова №2 | Выдвинут от партии «Amanat» |

Соңы. Басы 1-бетте

# ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ

Бірінші: Саяси партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасалынды. Партияларды тіркеу едәуір жеңілдетілді. (тіркеу шегі 4-есеге – 20 мыңнан 5-мың адамға азайтылды, өңірдегі өкілдер саны 6+00-ден 200 адамға төмендетілді. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-адамнан 700 адамға азайтылды).

Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырды.

Бүгінде саяси партиялар Парламенттегі өз өкілдері арқылы аймақтардағы қордаланған проблемаларды Парламент, Үкімет алдына қоя отырып, тиімді шешімдер қабылдануына ықпал етуде.

Екінші: Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқы негізінде сайлаушылардың жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайланатындығы және ол тұлға бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайтындығы айқындалды. ( ҚРК 41-бабының 1–ші тармағы,42-баптың 5-ші тармағы).

Үшінші: Сайлау-аралас сайлау яғни пропорционалды-мажоритарлы жүйеге көшірілді. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен сайлану енгізілді.

Аралас сайлау жүйесі республикалық маңызы бар қалалармен облыстық маслихаттар сайлауына да енгізілді. (50/50).

Сонымен қатар заң талаптарына сәйкес депутаттық мандаттарды бөлген кезде сайлаушылардың үш санат өкілдерінің: әйелдер, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың саны жиынтығында партия алған депутаттық мандаттардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауы қамтамасыз етілуі қарастырылды.

2023 жылғы 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және барлық денгейдегі мәслихаттар депутаттары толықтай заңда қабылданған жүйемен сайланды.

Сондай-ақ, аудандар мен қалада маслихат депутаттарының сайлауы толығымен мажоритарлық жүйеге көшірілді. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси ортаны қалыптастыра отырып, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашты.

Жалпы, 2021 жылдан бастап есептік мерзімге дейін облыстың 156 округінде облыс көлемінде 226 аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауы өтті.

Кандидаттарды ұсыну барысында саяси партиялармен бірге жеке азаматтардың тарапынан өзін-өзі ұсыну белсенділігі едәуір артты. Бұның айғағы, жоғарыда айтылған округтерде 904 ауыл әкіміне кандидаттыққа үміткердің өтініштері тіркелген.

Облыс көлемінде сайлау өтетін округтердегі сайлаушылардың бір пайыз қолдауына ие болып кандидаттыққа үміткер ретінде 678 адам өзін-өзі ұсынған, олардың ішінде 53 азамат ауыл әкімдері болып сайланды немесе жалпы сайланған әкімдердің 23,4 пайызын құрады.

2023 жылы алғаш рет Жуалы және Т. Рысқұлов аудандары әкімдерінің пилоттық режимде сайлауы өтті.

Бұл сайлауда да саяси партиялар мен жеке азаматтардың тарапынан өзін-өзі ұсыну белсенділігі жоғары болды.

Жалпы бұл үрдіс, қоғамды демократияландыру барысында азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға, мемлекетті басқару ісіне қатысуына, сайлауды әділ және ашық өткізуге және сайлаушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпалын тигізуде.

Төртінші: 2018 жылғы 29 маусымда сайлаушылар болып табылатын мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында сайлау тәжірибесінде алғаш рет «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға толықтыру енгізіліп, осы топтағы сайлаушылардың еркіне қарай, сайлау учаскесіне келіп дауыс беруіне сайлау учаскелерін барынша қолайлы етіп жасақтау керектігі айқындалған.

Бүгінгі күні, облыстағы барлық 513 сайлау учаскелері заң талаптарына сәйкестендірілген.

Бұл учаскелердің барлығында мүгедектігі бар адамдардың учаскеге келіп дауыс беруіне толықтай жағдай жасалынған.

Біз өткен жылы сайлаушыларды сайлауға шақыру қағаздарына алғаш рет мүгедектігі бар адамдарға арналған ақпарат қамтылған қосымша QR – код енгіздік.

Бұл QR – кодты сканерлеу арқылы мүгедектігі бар азаматтар келесідей ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады:

Жасанды интеллекттің көмегімен дайындалған аудиожазбада көру қабілеті бұзылған сайлаушыларға сайлау өтетін округ атауы, дауыс беру күні, уақыты және дауыс беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

Тіркелген кандидаттар туралы ақпараттың аудионұсқасымен танысуға;

«Қолжетімділік интерактивті картасы» арқылы сайлау учаскесінің қолжетімділігі туралы алдын ала ақпарат алуға;

Call-орталығына байланысу мүмкіндігі туралы;

Инватакси, сурдоаудармашы қызметіне қол жеткізу мүмкіндігі туралы ақпарат алуға;

Дауыс беру тәртібі туралы инфографикалық ақпаратпен танысуға;

Сайлау учаскесінен тыс жерде (үйден) дауыс беруді ұйымдастыру туралы өтініш үлгісін алуға мүмкіндік алып отыр.

Өткен жылы ҚР ОСК мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігі арасында өзара ынтымақтастық туралы келісімнің нәтижесінде мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде Жол картасы бекітілді.

Бүгінгі күні облыстағы 719 сайлау комиссияларында 4631 комиссия мүшелері 727 мыңға жуық сайлаушылармен жұмыс істеуде жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілердің мүмкіндіктерін пайдалануда.

Мысалы, бұрын сайлаушыларды сайлау туралы ақпараттандыру және дауыс беруге шақыру екі жақты меморандумның негізінде БАҚ арқылы жүргізілген болса, соңғы жылдары осы саланы трансформациялау барысында әлеуметтік желілердің әлеуетін пайдалана отырып, ақпараттандыру саласына бірқатар жаңа форматтар енгізілді.

Ол, ұялы байланыс операторларымен таратылған СМС хабарламалар арқылы және әрбір сайлаушыға жеке-жеке шақыру қағаздарын тарату арқылы сайлаушыға сайлау туралы ақпарат беру.

Мұндағы бір ерекшелік, сайлаушыға берілетін шақыру қағазы арқылы сайлаушы сайлау учаскесінің мекен жайын, дауыс беру уақтысын және енгізілген QR-кодты сканерлеу арқылы кандидаттар туралы тиісті ақпарат алып, өзінің таңдауын жасауына толық мүмкіндік алуда.

Сол сияқты сайлау комиссиялары сайлау процессін даярлау барысындағы жұмыстарын әлеуметтік желілерге жариялау арқылы желіні тұтынушыларға сайлау туралы ақпараттар беруде. Сонымен қатар, сайлауға дейін сайлаушылардың тізімін нақтылау шаралары әкімдіктерде құрылған Call-орталықтарда және дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиялары мен E.gov порталындағы онлайн-сервистер арқылы сайлаушылардың дауыс беруіне жағдайлар жасалуда.

Сайлаудың ашықтығымен заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылып өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында заң талаптарына сәйкес шетелдік және жергілікті қоғамдық ұйымдармен саяси партиялардың және кандидаттардың сенімді өкілдеріне сайлау процессін байқауға басымдықтар берілді.

Сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналуына байланысты 2023 жылдың қаңтарынан бастап облыстық аумақтық сайлау комиссиясының барлық жеті мүшесі, ал, қалалық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының үш мүшесі яғни, төрағалары, орынбасарлары мен хатшылары кәсіби тұрақты негізде жұмыс жасауда.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының және облыстық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби деңгейін арттыру бағытында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды. Алдымен комиссия мүшелерінің сайлау жүйесіндегі білімі мен кәсіби біліктілігін шыңдауға арналған кезеңдік оқытулар, семинар-тренингтер, іскерлік ойындар және т.б. іс-шаралары ұйымдастырылды. Өткізілген іс-шараларда сайлау процесін ұйымдастырушыларға сайлаудың заң талаптарына сәйкес өтуіне және оның ашықтығын қамтамасыз етуге басымдықтар берілді.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыстағы барлық денгейдегі сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби деңгейі едәуір жоғарылады деп айтуға негіз бар. Оның айғағы, өткен бес жылда, сайлау комиссияларының сайлауды заң талаптарына сәйкес ұйымдастырып өткізуі болып табылады.

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың барысында жастардың саяси өмірге араласу маңыздылығын атап өткім келеді.

Жастар қазіргі қоғамның жетекші күші, еліміздің дамуы үшін жауапты тұлғалары деп білеміз.

Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгіні мен ертеңі де жастарға байланысты.

Олар облыстың саяси өміріне белсене араласып, мейлінше өз үлестерін қосуда.

Мысалы, облыстағы мәслихаттарға сайланған 210 депутаттардың 23-і (11%) жастар болса, облыстағы барлығы 151 аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ, ауыл әкімдерінің ішінде 30-ы жастар (20%).

Бұл бағытта, олардың қоғамдағы рөлі мен саяси белсенділігін арттыру мақсатында өткен жылы облыста «Жас сайлаушылар» клубтары құрылып өз жұмыстарын бастап кетті. Облыс аумақтарында құрылған жас сайлаушылар клубтары жас сайлаушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда диалог пен практикалық алаң ретінде қызмет атқарып, жастар тарапынан қолдау табуда.

Оның айғағы ретінде облыстық, қалалық және аудандарда өткен жас сайлаушылар клубтарының форумын айтуға болады. Форумда жастар сайлау жүйесі туралы кең ауқымды ақпарат алып қана қоймай, пікірталастарға қатысып, өз сауалдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Сайлаушылар күні қарсаңында облыс бойынша 60-қа жуық іс-шаралар ұйымдастырылып, оған 2000-нан аса жастар қатысып, сайлауға деген қызығушылықтарын танытуда. Жастар жасанды интеллектіні сайлау жүйесіне енгізу, электораттық оқыту саласында жаңа форматтарды енгізу сияқты бірқатар ұсыныстар беруде.

Бұл жастардың саясатқа қатысуына ынталы екендігін көрсетеді.

Сондықтан, жастардың электоралдық білімін арттыру, олардың құқықтық сауаттылығын жетілдіруде өз тарапымыздан үнемі қолдау көрсететін боламыз.

Жалпы, елімізде сайлау жүйесі құрылғалы бері, сайлау комиссиялары мемлекеттік биліктің заңды институттарын қалыптастыруға тікелей қатыса отырып, елімізде азаматтық қоғамды қалыптастыруда өз үлестерін қосуда.

Көптеген беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі ретінде Қазақстан еркін және бәсекелес сайлау өткізу бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындап келеді. Біздің еліміздегі барлық сайлау науқандары ұлттық заңнамаға және демократиялық сайлаудың жалпы танылған қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Жалпы, халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратындығы белгілі.

Осыған орай, биылғы жылы еліміздің басқару жүйесін жаңа институтцоналды деңгейге көтеру мақсатында басқару жүйесін жетілдіре отырып, заң үстемдігін қамтамасыз ету, экономикалық өсімді ынталандыру, қазақстандық біртектілікті нығайтып, Күшті Президент, ықпалды— Парламент «Құрылтай», есеп беретін Үкімет және елімізде мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын «Халық кеңесін» құру сияқты кешенді мақсаттарды іс жүзіне асыру барысында еліміз түбегейлі жаңа конституциялық модельге қадам басып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, еліміз мемлекет құрудың жаңа кезеңіне көшкелі отыр. Бұндай либералды бастаманы Конституцияның жобасын талқылау барысында халықаралық саяси ұйымдары мен Қазақстан халқы қолдауда. Елімізде мемлекет құрудың жаңа кезеңінде, сайлау комиссиялары өз өкілеттік шеңберінде заң талаптарына сәйкес қызметтерін атқаратын болады.

Сонымен қатар кездесуде Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев сөз сөйлеп, жастардың сайлауға қатысу белсенділігіне тоқталды.

«Жастар – қоғамның ең белсенді әрі жаңашыл бөлігі болғандықтан, олардың саяси процестерге қатысуы елдің болашағына тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, саяси мәдениетті қалыптастыру, олардың азаматтық ұстанымын нығайту мақсатында түрлі ақпараттық-танымдық жобалар мен қоғамдық бастамалар жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде жастардың сайлауға қызығушылығын арттырып, олардың дауыс беру процесіне саналы түрде қатысуына мүмкіндік береді» деді өз сөзінде.

«Phoenix» адам құқықтары жөніндегі қоғамдық бірлестігінің төрағасы Балжан Абдуллаева бүгінгі күнгі сайлау науқандары кезеңдерінде қоғамдық бірлестіктердің атқаратын рөліне кеңінен тоқталды. Ол азаматтық қоғам институттары ретінде қоғамдық бірлестіктердің сайлау процесінің ашық, әділ және заң талаптарына сай өтуін қамтамасыз етуде маңызды орын алатынын атап өтті.

Өз сөзінде Балжан Абдуллаева сайлау барысындағы байқаушылардың рөліне ерекше мән беріп, олардың дауыс беру үдерісінің барлық кезеңінде заңдылықтың сақталуын бақылауға, мүмкін болатын құқық бұзушылықтардың алдын алуға және сайлаушылардың құқықтарын қорғауға елеулі үлес қосатынын жеткізді. Байқаушылардың белсенді қатысуы сайлау процесіне деген қоғамдық сенімді арттырып, демократиялық қағидаттардың нығаюына ықпал ететінін атап өтті.

Келесі сөз Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ерасыл Бердіге берілді.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сайлау әрбір азаматтың негізгі саяси құқығы әрі азаматтық жауапкершілігі болып табылады. Мемлекеттің демократиялық дамуы, құқықтық жүйенің нығаюы және қоғамдық тұрақтылықтың сақталуы азаматтардың сайлау процесіне белсенді қатысуымен тікелей байланысты. Қазіргі қоғамда жастар – ел дамуының басты қозғаушы күші. Жас ұрпақтың саяси сауаттылығы мен азаматтық белсенділігі мемлекет болашағының берік негізін қалайды. Осы орайда, сайлауға қатысу – жас азаматтардың ел тағдырына бейжай қарамайтынын, қоғамдық-саяси үдерістерге саналы түрде араласатынын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Сайлау процесіне қатысу арқылы жас сайлаушылар мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз етуге, қоғамдағы өзекті мәселелердің шешілуіне өз үлестерін қоса алады. Әрбір берілген дауыс – заңды, ашық және әділ қоғам құру жолындағы нақты қадам. Жастардың сайлаудағы белсенділігі азаматтық қоғамның қалыптасуына, демократиялық құндылықтардың орнығуына және елдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан сайлауға қатысу – тек құқық қана емес, сонымен қатар ел болашағы үшін қабылданған жауапты шешім. Сіздерді Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласуға, сайлау процесіне саналы түрде қатысуға, өз азаматтық ұстанымдарыңызды жауапкершілікпен білдіруге шақырамыз. Әрбір дауыс маңызды. Әрбір таңдау – ел болашағы. Белсенді азамат – қуатты мемлекет негізі» – деді.

Жиын соңында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов жастар ел болашағының негізгі қозғаушы күші екенін ерекше атап өтті.

Бүгінде облыс мәслихаттарындағы және жергілікті атқарушы органдардағы жастардың үлесі артып келетінін, осы бағытта құрылған «Жас сайлаушылар» клубтары жастардың электоралдық білімін арттыруға және саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал етіп жатқанын айта келе, Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы жанынан құрылған «Жас сайлаушылар клубы» мүшелеріне арнайы куәлік пен төсбелгі табыстады.

Кездесу қорытындысында қатысушылар тарапынан пікір алмасу жүргізіліп, сайлау жүйесін одан әрі жетілдіруге қатысты ұсыныстар айтылды. Іс-шара жалпыға ортақ естелік суретке түсумен аяқталды.

**Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.**

Шұғыла-Радуга Аудандық Қоғамдық-саяси Газеті shugyla.raduga_newspaper www.asaaqparat.kz

# Жамбыл аудандық мәслихатының шешімі

*2026 жылғы 29 қаңтар* *№51-2* *Аса ауылы*

## Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №49-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

**ШЕШТІ:**

1. «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №49-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №219265 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 8125289 мың теңге;

салықтық түсімдер – 6127513 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 11666 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 477900 мың теңге;

трансферттер түсімі – 1508210 мың теңге;

2) шығындар – 8794246 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 61071 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 99475 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 38404 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -61914 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 730028 мың теңге;

қарыздар түсімі – 99475 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 37561 мың теңге;

бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы – 668114 мың теңге».

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жамбыл аудандық мәслихат төрағасы М.ШАЙДАЕВ**

*Жамбыл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 29 қаңтардағы №51-2 шешіміне қосымша*

### 2026 жылға арналған Жамбыл ауданының бюджеті

| АТАУЫ | | | | сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | 1. КІРІСТЕР | 8125289 |
| 1 | | | САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР | 6127513 |
| | 01 | | Табыс салығы | 2739000 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 1020000 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1719000 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 670000 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 670000 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1100000 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 1100000 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1578313 |
| | | 2 | Акциздер | 1556613 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 14600 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 7100 |
| | 07 | | Басқа да салықтар | 1200 |
| | | 1 | Басқа да салықтар | 1200 |
| | 08 | | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 39000 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 39000 |
| 2 | | | САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР | 11666 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 7300 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 7300 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 360 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 360 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 360 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 360 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 146 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 146 |
| | 06 | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 3500 |
| | | 1 | Өзге де салықтық емес түсімдер | 3500 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 477900 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2900 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2900 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 475000 |
| | | 1 | Жерді сату | 237000 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 238000 |
| 5 | | | ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ | 1508210 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 1508210 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 1508210 |

| Функционалдық топ | | | | 2026 жыл, сомасы мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | Атауы | |
| | | | 2. Шығыстар | 8794246 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 2903196 |
| | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 71319 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 70059 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1260 |
| | 122 | | Аудан (обл. маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 359756 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 331161 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 28595 |
| | 452 | | Ауданның (обл. маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 683696 |
| | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 27016 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 1700 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 1000 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 653980 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 37499 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 36913 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 586 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1423583 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 870819 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 51810 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 500954 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 294943 |
| | | 040 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 294943 |
| | 494 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі | 32400 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті,өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 32400 |
| 02 | | | Қорғаныс | 77771 |
| | 122 | | Аудан (обл. маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 77771 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 32161 |
| | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 7693 |
| | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдардың құрылмаған елді мекендердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 37917 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 47712 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 47712 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 47712 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 855218 |
| | 451 | | Ауданның (обл. маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 167000 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 167000 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 550686 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 56225 |
| | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 2000 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 87617 |
| | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету | 4048 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 3000 |
| | | 017 | Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу,жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету | 397796 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 127532 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 73532 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 1000 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 8000 |
| | | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 45000 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 10000 |
| | | 094 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 10000 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 434949 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 5353 |
| | | 003 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру | 5353 |
| | 463 | | Ауданның (обл. маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 889 |
| | | 016 | Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу | 889 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 282585 |
| | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 282585 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 97182 |
| | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 97182 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 48940 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 6710 |
| | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 42230 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 2008331 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 655824 |
| | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 607713 |
| | | 009 | Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету | 48111 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 378205 |
| | | 011 | Мәдениет объектілерін дамыту | 378205 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 350618 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 33383 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 200 |
| | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 307035 |
| | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 5000 |
| | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 5000 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 283595 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 282595 |
| | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 1000 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 46000 |
| | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 46000 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 29867 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23667 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 6200 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 264222 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 87043 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 174532 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының күрделі шығыстары | 2647 |
| 09 | | | Отын энергетика және жер қойнауын пайдалану | 1321 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1321 |
| | | 036 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 1321 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 105259 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 15650 |
| | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 15650 |
| | 462 | | Ауданның (обл.маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі | 35245 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 34800 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 445 |
| | 463 | | Ауданның (обл. маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 49697 |
| | | 001 | Аудан (обл. маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 37079 |
| | | 006 | Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру | 12218 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 400 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 4667 |
| | | 057 | Жануарларға арналған баспаналарды, уақытша ұстау пункттерін ұстау | 4667 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 33662 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 33662 |
| | | 001 | Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 29662 |
| | | 013 | Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 3000 |
| | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1000 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 508515 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 508515 |
| | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 74530 |
| | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық) қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 236425 |
| | | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 197560 |
| 13 | | | Басқалар | 1034622 |
| | 452 | | Ауданның (обл. маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 130000 |
| | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 130000 |
| | 466 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі | 904622 |
| | | 079 | Ауыл-Ел бесігі жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік | 904622 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 444806 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 444806 |
| | | 013 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 444806 |
| 15 | | | Трансферттер | 338884 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 338884 |
| | | 007 | Бюджеттік алып қоюлар | 338884 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 61071 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 99475 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 99475 |
| | 453 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 99475 |
| | | 006 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 99475 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 38404 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| 6 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 38404 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 38404 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 38404 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | 4. Қаржы активтерімен жасалынған операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| 7 | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | 01 | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | 1 | Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| Функционалдық топ | | | | |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -61914 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 730028 |
| Санаты | | | | |
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| 8 | | | Қарыздар түсімі | 99475 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 99475 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 99475 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 37561 |
| | 452 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі | 37561 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 37561 |
| 9 | | | Бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы | 668114 |

*Шешім Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2026 жылғы 6 ақпанда №221888 болып енгізілді.*

СЕМИНАР

**Жуырда Жасөркен орта мектебінде кәсіби бағдар беру педагогтарына арналған «Оқушыны болашаққа бағыттау: жаңа ғасыр мамандықтары мен қажетті дағдылар» тақырыбында аудандық семинар өтті. Басқосудың басты мақсаты – білім алушыларды заман талабына сай мамандықтарға бағыттау, XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру жолдарын педагогтардың тәжірибесі арқылы жүйелеу және кәсіби бағдар беру жұмысын жетілдіру.**

# КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕ



Аружан КҮНТУБАЙ

Семинардың ашылуында аудандық білім бөлімінің әдіскері Эльмира Түркменова сөз сөйлеп, кәсіби бағдар беру жұмысының бүгінгі білім беру жүйесіндегі маңыздылығына кеңінен тоқталды. Ол оқушыны болашаққа саналы түрде бағыттау педагогтың басты міндеттерінің бірі екенін атап өтіп, XXI ғасырда сұранысқа ие мамандықтар мен қажетті дағдыларды дұрыс таныстырудың, оқушының қабілеті мен қызығушылығын ерте анықтаудың маңызы зор екенін айтты. Сонымен қатар мұндай тәжірибе алмасу алаңдары педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, өзара ынтымақтастықты нығайтуға және кәсіби бағдар беру жұмысын жүйелеуге үлкен мүмкіндік беретінін жеткізіп, семинар жұмысына сәттілік тіледі.

Семинар жұмысы Жасөркен орта мектебінің психологы Дариға Тасхожаеваның сергіту сәтімен басталып, қатысушылардың белсенділігін арттырып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Алғашқы болып М.Әуезов атындағы орта мектептің кәсіби бағдар беру педагогы Алтынай Самибекова баяндама жасап, кәсіби бағдар берудегі заманауи тәсілдер, оқушының қызығушылығы мен қабілетін анықтаудағы тиімді әдістер туралы мазмұнды ойларымен бөлісе, Жасөркен орта мектебінің педагогы Дариға Ешенқұлова «Меморандумның маңызы мен мазмұны» тақырыбында әңгіме өрбітіп, білім беру ұйымдары мен түрлі мекемелер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, меморандум негізінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүйелі жүргізу жолдарын нақты мысалдар арқылы түсіндірді.

Сонымен қатар Гродеково орта мектебінің педагогтары Еркебұлан Әбдіқалықов пен Азиза Аширова «Жаңа ғасыр мамандықтары» тақырыбында баяндама жасап, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар, болашақта маңыздылығы арта түсетін салалар жөнінде тың әрі өзекті мәліметтер ұсынды. Ал Абай және Төле би атындағы орта мектептердің мұғалімдері Маржан Дүзбаева мен Алмагүл Қалабаева «XXI ғасыр дағдылары және кәсіби бағдардағы рөлі» тақырыбында әртүрлі деңгейдегі оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістерін ұсынып, өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар соңында Эльмира Жалғасқызы іс-шараны қорытындылап, семинардың өзектілігі мен практикалық маңызына мән берді. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру бағытында мазмұнды баяндамалар жасап, тәжірибелерімен бөліскен педагогтарға алғысын білдіріп, арнайы сертификаттар табыстады.

Аталған семинар педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тәжірибе алмасуға және оқушыларды болашаққа саналы түрде бағыттауға зор мүмкіндік берген мазмұнды әрі тағылымды іс-шара болды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН АЛУҒА БАРЫНША ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

**Елімізде мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрлерін алуға барынша жағдай жасалған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші жеке тәртіппен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.**

Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес Айшабибі ауылдық округі әкімі аппаратында жүйелі жұмыстар қолға алынған. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру; Жер учаскесін алу үшін кезекке қою; Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру; Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге өтінішті қабылдау www.egov.kz, www.elicence.kz «Электондық үкіметтің» веб-порталы арқылы, Жер учаскесін жеке меншікке бірден төлеп немесе бөліп төлеу арқылы сату; Жер учаскесінің пайдалану мерзімін ұзарту мемлекеттік қызметі бойынша өтінішті қабылдау ауылдық округ әкімі аппаратында іске асырылады. Мекемеде тұрғындардың өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы орналасқан. Ол жерде жергілікті жұрт мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу мүмкіндігін қамтамасыз ету; қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету және өтініштерді рәсімдеуге көмек көрсету; тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған кеңестер беру; электрондық порталдар мен қосымшаларды пайдалану бойынша нұсқаулықтар ұсыну секілді қызметтерге қол жеткізе алады

**Нұрбақыт ӘЛІҚҰЛОВ,**
**Айшабибі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.**

Соңы. Басы 1-бетте

# Мұқағали – мәңгілік мұра



Мақатаевтың поэзиясы – ұлттық дәстүр мен жеке сезімнің үйлесімі, халықтық сана мен философиялық ойдың тоғысуы. Оның өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол халықтың сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды, шебер бейнелейді. Сол себепті де Мұқағали мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді. Сондықтан да оның есімін ұлықтау, шығармашылығын кеңінен насихаттау әрі дәріптеу маңызды.

Осы мақсатта Төле би атындағы орта мектепте қазақтың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай мектеп оқушылары арасында «Мұқағали Мақатаев оқулары» байқауы өтті. Аудандық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері Айгүл Бақытжанова мен Төле би атындағы орта мектептің директоры Жандос Әжібаев өмірін өлеңмен өрген Мұқағали мұрасы өлең сүйер қауым үшін мәңгілік таусылмайтын тақырып екенін алға тартып, жыр шайырының шығармалары өскелең ұрпақ арасында кеңінен насихаттала беретінін айтты.

М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі директорының бейіндік істер жөніндегі орынбасары Серікболсын Әлімбай, №2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Құндыз Төленбекова, Б.Кейкиев атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақбаян Әбдікерім, Гродеково орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлнәр Исмазова, М.Әуезов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Майра Назарымбетова, Айшабибі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шолпан Көпбаева қазылық еткен байқауда сайыскерлер «Айтып өткен ақында арман бар ма?», «Жыр эстафетасы», «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...», «Дариға, домбырамды берші маған» бөлімдері бойынша бақ сынап, өнер көрсетті. Ұлы ақынның сөзіне жазылған әндерді орындап, өлеңдерін нақышына келтіре айтып, арнау жырлары мен «Аққулар ұйықтағанда», «Алтай-Атырау» және «Райымбек-Райымбек» поэмаларын мәнерлеп жатқа оқыды.

Қазылар шешімімен «Айтып өткен ақында арман бар ма?» бөлімі бойынша Б.Кейкиев атындағы орта мектептің оқушысы Сезім Әмірбек, «Дариға, домбырамды берші маған» бөлімі бойынша №6 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің оқушысы Арайлым Жолшыбек, «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» бөлімі бойынша №5 Шайдана орта мектебінің оқушысы Досым Абай, «Жыр эстафетасы» бөлімі бойынша Гродеково орта мектебінің оқушысы Аружан Суванбайк үздік деп танылып, облыстық байқауға жолдама алды.

# ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАБАРЛАМАСЫ

**Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №4 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 1 наурызына тағайындалған Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен шарттық негізде берілетін үй-жайларда кездесу кестесі.**

## 2026 жылдың 1 наурызына тағайындалған Тоғызтарау ауылдық округі әкімі сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу өткізу кестесі

*(2026 жылдың 9-27 ақпаны аралығы)*

| Кандидаттың аты-жөні | Ақпан | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 10 сәрсенбі | 13 жұма | 16 дүйсенбі | 19 бейсенбі | 20 жұма | 23 дүйсенбі | 25 сәрсенбі |
| Алтынбеков Нурсултан Сакенович | | | Тоғызтарау ауылы, Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп 11.00 | | Жаңаөткел ауылы, А.Матросов атындағы негізгі мектеп 10.00 | | |
| Кикбаев Бакытжан Ержанович | | | Жаңаөткел ауылы, А.Матросов атындағы негізгі мектеп 10.00 | | | | Тоғызтарау ауылы, Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп 11.00 |
| Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы | | Тоғызтарау ауылы, Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп 10:00 | | | | Жаңаөткел ауылы, А.Матросов атындағы негізгі мектеп 11.00 | |
| Тулеков Нурадил Рахманулы | Тоғызтарау ауылы, Т.Тоқтаров атындағы орта мектеп 10:00 | | | Жаңаөткел ауылы, А.Матросов атындағы негізгі мектеп 10:00 | | | |

# СООБЩЕНИЕ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

**Согласно постановлению Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №4 от 21 января 2026 года, график встреч кандидатов на выборах акима Тогызтарауского сельского округа, назначенных на 1 марта 2026 года, в помещениях, предоставляемых избирателям на договорной основе.**

## График проведения встреч с избирателями кандидатов на выборы акима Тогызтарауского сельского округа, назначенных на 1 марта 2026 года

*(С 9 по 27 февраля 2026 года)*

| ФИО кандидата | Февраль | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 10 среда | 13 пятница | 16 понедельник | 19 четверг | 20 пятница | 23 понедельник | 25 среда |
| Алтынбеков Нурсултан Сакенович | | | село Тогызтарау, средняя школа имени Т.Токтарова 11.00 | | село Жанаоткел, основная школа имени А.Матросова 10.00 | | |
| Кикбаев Бакытжан Ержанович | | | село Жанаоткел, основная школа имени А.Матросова 10.00 | | | | село Тогызтарау, средняя школа имени Т.Токтарова 11.00 |
| Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы | | село Тогызтарау, средняя школа имени Т.Токтарова 10.00 | | | | село Жанаоткел, основная школа имени А.Матросова 11.00 | |
| Тулеков Нурадил Рахманулы | село Тогызтарау, средняя школа имени Т.Токтарова 10.00 | | | село Жанаоткел, основная школа имени А.Матросова 10.00 | | | |

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
ŞŪĞYLA-RADUGA
Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары: Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Тілшілер: Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Дизайнер-теруші: Ғалия АЛИЕВА 87075853423
Бас редактордың орынбасары: 2-20-24
Тілшілер: 2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3100 Тапсырыс №71

Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҮНТУБАЙ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта: sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.